

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА**

**АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК**

**УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІНІҢ ІІІ курс студенті**

**Бисенова Индираның**

**Диалектология пәнінен**

**КУРС ЖҰМЫСЫ**

**Тақырыбы:** Қарақалпақ қазақтары тіліндегі диалектілік сөз тудыру процесі

**НӨКІС-2012 жыл**

## **Қарақалпақ қазақтары тіліндегі диалектілік сөз тудыру процесі**

### **ЖОСПАРЫ**

#### **Кіріспе**

- I. Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру процесінің зерттелуі

#### **II. Негізгі бөлім**

1. Қазақ әдеби тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың диалектілік сөз жасауға қатысы
2. Қарақалпақ қазақтары тіліне тән сөз тудырушы жұрнақтар
3. Қарақалпақ қазақтары тіліндегі кірме жұрнақтардың көрінісі
4. Түркілік тенденциялардың Қарақалпақ қазақтары тіліндегі көрінісі
5. Диалектілік күрделі сөздер

#### **III. Қорытынды**

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

## **Кіріспе**

Сөз тудыру процесі- тілдің өзімен жасап келе жатқан күрделі құбылыс. Одан тілдің алғашқы құрылымдық негізін де, кейін қалай дамып, жетіліп отырғанын да қызмет ету сипатын да көруге болады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудырудың негізі жалпы түркілік екені, оның өзі ежелгі түркі бірлестігі дәуірінде салынғаны белгілі. Ал қазақ тілінің осы күнгі сөз тудыру жүйесінің негізі көне түркі дәуірінде салынып, оғыз, қыпшақ, ноғай бірлестіктері заманында болашақ қазақ халқының құрамына кірген тайпалар тілінде жетіліп отырған. XV-XVI ғасырлардан бастап қазақ тайпалары халық болып біріккен кезден бері сөз тудырудың қазақ тіліне тән қазіргі жүйесі орныққан.

Сөз тудыру - грамматикалық құрылыс пен сөздік құрамды жетілдіріп, толықтырып отыратын арна ретінде жалпы түркі тілдерінің дамып жетілуі мен табиғи байланыстағы процесс. Сондықтан қазақ тілінің даму сипатындағы дәуірлер мен кезеңдер сөз тудыруға да тән. Сөз тудырудың негізі де жалпы қазақ тілінің негізі сияқты өте әріде салынған. Мысалы, көне жазба ескерткіштеріндегі есім тудырушы -чы, -чі (емші, армақшы), -лығ, -ліг (арығлық, чечеклік), -м (алым, талым) т.б. жұрнақтардың: М.Қашқари сөздігіндегі есім тудырушы -ек (кесек, бічақ), -ғу (бычғу), еч (көмеч) т.б. жұрнақтардың қазіргі қазақ тілінде және Қарақалпақ қазақтары тілінде атқаратын қызметі мен беретін мағыналарында, қолданылуында, кейбір өзгерістері болмаса, үлкен алшақтық байқалмайды.

Жүйесі бөлек тілдерден сөз ауысуымен бірге кірген жұрнақтар арқылы да сөз тудыру жүйесінің жетіліп отыруы, түркі тілдерінде бұрыннан белгілі сөз тудыру тәсілдерінің, сөз тудырушы типтер мен модельдердің онан әрі жетілуі, оралымдылығының артуы, сөз тұлғасының бір түрі

ретінде түркі тілдерінде қысқарған сөздердің қалыптасуы - бәріде сөз тудыру жүйесінің дамып, жетіліп отырғанына дәлел болады. Мұның өзі сөз тудырудың синхрониялық қалпы оның дамуындағы диахрониялық құбылыстармен ұштасып жатқанын көрсетеді.

Сөйтіп, шыққан тегі бір қазіргі түркі тілдеріндегі, олардың диалектілері мен говорларындағы сөз тудыру, сайып келгенде аглютинативтік сипаттағы жалпы түркілік ішкі құрылымдық дамудың көріністері болып табылады. Ал қазақтың ұлттық тілінің сөз тудыру жүйесі жалпы түркілік негізге барып тіреледі, соның аясынан шығып кетпейді. Сол сияқты біздің зерттеу жұмысымыздың зерттеу объектісі етіп алынып отырған Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру жүйесі де қазақ тілінің сөз тудыру жүйесіне кіреді, соның жергілікті жердегі тармағы болып есептеледі.

Біздің курс жұмысымыз Қарақалпақ қазақтарының ауызекі сөйлеу тіліндегі сөз тудыру арқылы жасалған диалектілік сөздерді талдау негізгі мақсат етіп алынды. Біз бұл еңбегімізде сөз тудыру арқылы жасалған диалектілік сөздерді қазақ әдеби тілінен жұрнақтар арқылы, Қарақалпақ қазақтары тіліне тән жұрнақтар арқылы, диалектілік есім сөздер тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған диалектілік сөздер деп бірнеше топқа топтастырдық. Сонымен қатар жұмыста сөз тудыру арқылы жасалған күрделі сөздерге де тоқталып өттік және жалпы түркілік тенденциялардың Қарақалпақ қазақтары тіліндегі көрінісіне шолу жасалды.

### **Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру процесінің зерттелуі**

Түркі тілдерінде сөз тудыруға байланысты айтылып жүрген ғылыми теориялық тұжырымдар, жалпы алғанда, түркі халықтарының әдеби тілдері мен бүкіл халықтық сипаты бар тіл фактілеріне негізделіп келгендігі белгілі. Жергілікті халықтық говорлардың сөз тудыру жүйесіндегі заңдылықтары мен ерекшеліктері әлі ескерілмей келеді. Бұл тюркологияда күні бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісі болмаған жайт. Мәселен, қазақ әдеби тілінің морфологиялық құрылысы болмаса, сөз тудыру жайындағы еңбектерде жергілікті халықтық тілдің, ондағы говорлардың кейбір жекелеген фактілері ғана сөз болып келеді.

Қарақалпақ қазақтары тілінің морфологиялық құрылысына зерттеу жүргізгенімізде, көңіл аударарлық жайттардың бірі - олардағы көптеген тіл элементтері қазақтың жалпы халықтық тілінде, ұлттық әдеби тілінде кездеспегенімен, негізінен алғанда, туыстас түркі тілдерінің аясынан, ары кетсе жалпы түркілік көлемнен шығып кетпейтіндігінде. Е.И.Убрятованың пікірінше, оның себебі; «Диалектілік жүйенің молырақ дамуы сол тілдің жасаушысы, қолданушысы болып тбылатын халықтың этникалық құрамына да байланысты болады. Өз құрамына туыстығы жағынан жақын, әр алуан тілі жағынан алшақ неше түрлі ру-тайпаларды алған ұлтта диалектілік ерекшелік ерекше мол дамыған, елеулі болады. Кейде бұған сол ұлттың басқа тіл өкілдерімен жиі қарым-қатынас жасап, ұзақ уақыт байланыста, бірлікте тұруы да себепші болады».

Жалпы түркі тілдеріндегі сөз тудырудың зерттелу жайына келсек, түркі тілдерінде айтылып жүрген ғылыми тұжырымдар, түркі халықтарының бүкіл халықтық сипаты бар тіл фактілеріне негізделіп келгені белгілі. Жергілікті қазақтар тіліндегі сөз тудыру процесіндегі

ерекшеліктер ескерілмей келеді. Бұл - түркологияда арнайы зерттеу объектісі болмай келеді. Мәселен, қазақ тілі диалектілеріндегі сөз тудыру жайындағы еңбектерінде жергілікті халықтық тілдің, ондағы говорлардың кейбір жекелеген фактілері ғана сөз болып келеді. Ғ.Қалиев өз еңбегінде қазақ тіл білімінің диалектология саласында бұрын арнайы зерттелмеген диалектілік сөз тудыру мәселесін сөз ете келіп, «қазақ тіліндегі диалектілердің басым көпшілігі есептелетін диалектілік лексиканың қалыптасуы негізінен сөз тудырумен байланысты»<sup>н</sup> дей келіп, говорлардағы сөз тудыру ерекшеліктері, сөз тудырушы формалардың говорлық түрлері мен варианттарын, сөз тудырушы типтердің говорлардағы қызметін т.б. говорлардағы сөз тудыруға қатысты мәселелерді сөз етеді.

Дегенмен, осы сияқты фактілер мен ғылыми зерттеулер түркі тілдеріндегі тіл байлығын, оның тіл тарихын терең түсінудегі маңызын аша алмайтыны белгілі. Осындай жағдайды басқа түркі тілдерінің диалектологиясын зерттеушілер де көрсетеді. Мысалы, Қарақалпақстандағы өзбек говорларының сөз тудыру ерекшелігін зерттеген А.Ишаев өзбек және басқа түркі тілдеріндегі сөз тудырудың тек олардың әдеби тілдері негізінде сөз болып, диалектілік материалдары ескерілмей жүргендігін айтады.

Азербайжан диалектологы Р.А.Рустамов азербайжан тіліндегі диалектілік материалдардың алатын орнын сөз ете отырып, ондағы диалектілік фактілер ескерілмей келгенін атап көрсетеді. Мәселен, оның пікірінше азербайжан тілінің диалектілері мен говорларында түркімен және якут тілдеріне тән болған алғашқы созылмалы дауыстылар сақталып қалғанын айтып өтеді<sup>у</sup>.

Түркмен тілінің диалектологы Р.Бердыев түркмен тілінің жергілікті халық тілінде көптік жалғауының (-лар, -лер) еріндік дауыстыларға байланысты жуан-жіңішке түрлері сияқты он шақты варианты бар деп көрсетеді.

Ал Қарақалпақ қазақтары тіліне келетін болсақ, диалектілік сөз тудыру мәселесі Қарақалпақ қазақтары тілінде бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелген жоқ. Бірақ диалектілік сөз тудыруға қатысты азды-көпті пікірлер, жекелеген талдаулар жоқ емес.

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі синтетикалық, аналитикалық және семантикалық тәсіл арқылы сөз тудыру процесінің зерттелу жайына тоқталсақ, мұндағы диалектілік қосымшалар мен жекелеген сөздердің тұлғасындағы өзгерістер жайлы Қарақалпақ қазақтарының солтүстік говорын зерттеген Н.Жүнісов, оңтүстік говорын зерттеген Б.Бекетов еңбектерінен көруге болады. Олар өз зерттеу еңбектерінде Қарақалпақ қазақтары тіліндегі диалектілік сөздердің жұрнақтар арқылы жасалуында мынадай ерекшеліктерге тоқталады.

Қазақ диалектологиясын зерттеушілер диалектілік ерекшеліктердің басқа түрлерімен қатар диалектілік сөз тұлғасына барлық уақыт назар аударып, олардың маңызын айтып отырған. С.Аманжолов; «Көптеген диалектизмдердің осы күнгі қалпы тіліміздегі лексикалық элементтердің табиғатын, дәлірек айтсақ, қазақ тіліндегі сөз тудырудың тарихын талдауға бізге көп жеңілдік келтіреді» - дейді<sup>1</sup>.

Қазақ тіліндегі, соның ішіндегі Қарақалпақ қазақтары тіліндегі ерекшеліктердің жеке говор түрінде зерттелуі, олардың дыбыстық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері жан-жақты талдануы, бірқатар

---

<sup>1</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алм. 1969. с. 291.

мәселенің теориялық тұрғыдан шешілуі - бәрі де диалектілік сөз тұлғаларын, сөз тудыру проблемаларын зерттеу үшін алдын ала жасалған жағдай болып есептеледі.

Жалпы қазақ диалектологиясында сөз тұлғасына байланысты осы күнге дейін айтылғандардың басым көпшілігі морфологиялық ерекшеліктер сипатындағы тұлғалардың түрленуіне, яғни сөз бен сөзді байланыстырушы және түрлендіруші қосымшалардың қызметіне қатысты болып келді<sup>2</sup>.

Қазақ диалектологиясында сөз тұлғасына байланысты диалектілік ерекшеліктердің бірқатары С.Аманжолов еңбегінде берілген. Бұл еңбекте диалектілік туынды сөздер жайы, болмаса не тіліміздегі жұрнақтардың сөз тудыру қызметіндегі ерекшеліктері арнайы зерттелмегені белгілі. Бірақ соның өзінде еңбекте оңтүстік және батыс говорлардағы сөздің тұлғалық ерекшеліктерінің жүзден аса түрі келтірілген. Бұлардың басым көпшілігін беріп отырған мағынасы мен қызметі жағынан форма тудырушы жұрнақтар деп атауға болады.

Біз Қарақалпақ аймағындағы қазақ говорын зерттеген Н.Жүнісов синтетикалық тәсіл арқылы жасалған бірқатар диалектілік сөздерге грамматикалық тұрғыдан талдау жасаған.

Қарақалпақ қазақтарының оңтүстік говорын зерттеген Б.Бекетов кейбір сөз тудырушы жұрнақтардың қолданылуында ерекшелік бар екенін дәлелдейді. Қазақ әдеби тіліндегі -дар, -дер, -тар, -тер көптік жалғауы орнына сөздің үнді не қатаң дыбыстарға аяқталуына қарамастан -лар, -лер тұлғалары жалғана береді. Мысалы: *Папиросты түнделер тұрып шегетінмін*. Бұл құбылысты көбіне өзбектермен аралас отырған аймақтағы

---

<sup>2</sup> Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. Алм. 1986. 68-б

қазақтары тілінен кездестіреміз. -дірік жұрнағы бірлі-жарым сөздерге жалғана отырып, зат есім тудырады. Мысалы: үпілдірік, төбелдірік т.б. -ық, -ік жұрнағының Қарақалпақ қазақтары тілінде көптеп кездесетінін *сабық, қонық, шақырық, шабық* сияқты т.б. мысалдармен дәлелдеген<sup>әғ</sup>. Осы сияқты Қарақалпақ қазақтарының оңтүстік говорындағы сөз тудырушы жұрнақтарға тоқтай келіп, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз формаларының бірнеше түрін көрсетеді. Олардың ішінде сөз бен сөзді жалғастыратын формалар да, сөз түрлендіретін формалар да кездесіп отырады.

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі аналитикалық тәсілдер, яғни сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы туған диалектілік сөздер арнайы зерттеу объектісі болмағанмен, кейбір еңбектерде қазақ говорларының тіл ерекшелігін көрсету мақсатында жол-жөнекей сөз болып отырған.

Жалпы Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру процесі бүтіндей зерттеліп болынды деп айта алмаймыз. Біз осы курс жұмысымызда Қарақалпақ қазақтары тілінен жиналған материалдар негізінде сөз тудыру процесіне талдау жасамақшымыз.

## **Негізгі бөлім**

### **1. Қазақ әдеби тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың диалектілік сөз жасауға қатысы**

Қарақалпақ қазақтары тілінде сөз тудырушы жұрнақтардың мол қоры сақталған. Олардың көпшілігі жалпы халықтық тілде, әдеби тілде белгілі болса, бірқатары тек Қарақалпақ қазақтары тіліне тән.

Біз бұл еңбегімізде диалектілік есім сөздер тудыратын бірқатар жұрнақтың қызметін көрсетіп бердік. Бұл жұрнақтар жалпы халықтық тіл тұрғысынан қарағанда олардың бірсыпырасы өнімсіз жұрнақтар болғанымен, Қарақалпақ қазақтары тілінде бұл жұрнақтар арқылы бірталай диалектілік сөздер туған.

Қарақалпақ қазақтары тілінде сөз тудырушы жұрнақтар көбіне зат есім тудыруға актив қатынасады. Зат есім тудыратын жұрнақтар, көп жағдайда, өздерінің тұлғасы жағынан әдеби тілдегіден ерекшеленбейді. Өзімізге таныс жұрнақтар әдеби тілде жалғанбайтын сөздерге, диалектілік сөздерге жалғанып, сөз тудырып отырады. Ерекшеліктің негізі осында. Әрине, говордың бірлі-жарым өзіне тән жұрнақтары да кездеспей тұрмайды. Бірақ олардың өздерінің және жалғанатын сөздерінің де саны тапшы.

#### **Зат есім тудырушы жұрнақтар.**

-шылық, -шілік. Бұл жұрнақ қазақ әдеби тілінде және оңтүстік-батыс говорларында кездесетін зат есім, кейде сын есім тудырушы өнімді жұрнақ. Бұл жұрнақ әдеби тілде белгілі мамандық атауларына, шаруашылық салаларына байланысты сөздерге тіркесіп қолданылады. (Мысалы: егіншілік, малшылық, аңшылық т.б.)

Мысалы: -шылық, -шілік жұрнағы арқылы жасалған шіркетшілік «ұйым болып істеу», күндікшілік «жалданып жұмыс істеу», сонымен бірге

қоғамдық-әлеуметтік атауларды білдіретін абатшылық, абаданшылық «теңдік, кеңшілік», парaxатшылық «тыныштық» т.б. «абат» сөзі парсы сөзі болып «қоныс теуіп орныққан жер» деген мағынаны береді. «Парaxат» тыныш мағынасындағы араб сөзі, арқайыншылық «жайбарақат» деген мағынада, кәмбағалшылық, «кедейлік», қытшылық «жетіспеушілік» деген мағынада говорда көп қолданылатын, түбірі қарақалпақ тілінің элементі болып саналады.

Бұл жұрнақ лексикалық мағынасына сай адамдардың қарым-қатынасы, мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты атауларды білдіреді. Шатақшылық «туыстық» деген мағынаны береді. Қазақ әдеби тіліндегі *тентек* сөзімен говорда *шатақ* түрінде жарыса қолданылады. Мысалы, біздің осы ауылдағы Сәрсенмен шатақшылығымыз бар. Осындағы «шатақшылығымыз» ағайын мағынасында жұмсалған. шылық жұрнағының говорда сөз тудыруда бірқатар ерекшелігі бар. Әдеби тілде -шылық жұрнағының қызметін -лық жұрнағы атқарады. Қарақалпақ тіліндегі -шылық жұрнағы туралы Н.А.Баскаков былай дейді; «Бұл жерде неғұрлым жалаң жұрнақ -лық, -лік пен -шы, -ші элементінің орнында тұрған -шылық, -шілік шын мәнінде басы артық қайталау болады»-дейді.

-шылық жұрнақты сөздердің біздің говорда кездесуінің екі түрлі себебі бар; біріншіден, мұндағы қазақтар тіліне көрші қарақалпақ, өзбек тілінің әсері тиген. Түркологтар бұл тілдерде -шылық жұрнағының өнімді екендігін айтқан. А.Н.Кононов өзбек тілінде бұл қосымшаның есімдерден зат есім тудыруда өнімді екендігін, А.М.Щербак оның көне өзбек тілінде өнімді болғанын, Н.А.Баскаков қарақалпақ тілінде сол арқылы туған бірқатар сөздерді көрсеткен. Екінші себебі бірқатар сөздің -шылық жұрнағымен айтылуын ауызекі- диалектілік сипаты бар жергілікті

тұрғындар тілінің стиль жағынан нормаланбауынан деп түсіндіруге болады.

-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе. Бұл жұрнақтар халықтың тілінде көбінесе сабақты етістіктерден құрал-жабдық, киім, тағам атауларын тудырып, әдеби тілдің сөздік қорында етістіктерден зат есім тудыруда өнімді қызмет атқарады. Бұл жұрнақтардың говорда сөз тудыру қызметі кеңейген. Н.А.Баскаковтың пікірінше ол -мақ, -мек жұрнағымен тектес. Мысалы, қырма «тамақ құятын ыдыс», жайма нан «майға пісірілген нан», турама «тамақтың түрі», жылытпа «қалған тамақты ысытып жеу», отырыспа «ойын-сауық», дәмбебе «даңдама, гу-гу әңгіме», делбе «киім-киісі жұпыны адам», салма «кішкене су жүретін арық», дегішпе «дай әңгіме», шаппа «бәкі» т.б.

Осы жұрнақтар арқылы говорда екі түбір сөздің бірігуі арқылы жасалған диалектілік сөздер кездеседі. Мәселен, қазанжаппа, аяқтаспа т.б. Қос сөздер; қапыма-қапы, жекеме-жеке, тіккеме-тіке, аспа-жалап т.б.

Сонымен қатар говорда -ба, -бе жұрнақты диалектілік сөздердің ішінде әдеби тілде, жалпы халықтық тілде жеке қолданылмайтын, түбірі түсініксіз сөздер де кездеседі. Мысалы, делбе «киім-киісі жұпыны адам», дәмбебе «гу-гу әңгіме».

-дай, -дей жұрнақтары негізінен қазақ тілінде зат есім, есімдік, сан есім, есімшеден сын есім, үстеу тудыратын өнімді жұрнақ. Оның өнімділігі говорда айқын сезіледі. -дай, -дей жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің көбінің түбірі диалектілік негіздер болып саналады. Мысалы, мұчтымдай «жұдырықтай», мұш-жұдырық парсы сөзі, зілдей «ауыр» деген сияқты сын есімдер тудырады.

-тай, -тей жұрнағы зерттеу еңбектерде туыстық атауларға қосылып, кішірейту, еркелету, ізет білдіру мағыналарын үстейтіні (ағатай, апатай деген сияқты) кездеседі. Говорда да бұл жұрнақ кездесіп отырады. Мысалы, мұштай «жұдырықтай», шапаттай «кішкентай», кіттай «киіттай, кішкентай», жалатай «жылпос, алдамшы» деген мағыналардағы сөздерде қолданылады.

Бұлардан басқа екі-үш сөз көлемінде кездесетін сөз тудырушы жұрнақтар кездесіп отырады. Мысалы, -қан, -кен, -ған, -ген жұрнағы қазақ тілінің ғылыми грамматикаларында -қан/-ған етістік пен есімдерден зат есімдер (туысқан, ошаған, желкен), сын есімдер (тебеген, сүзеген, жатаған) тудыратыны айтылған.

Ал Э.В.Севортян -ған, -аған және -гын, -ын жұрнақтарының негізгі мағыналары бір-біріне жақындығын және шығу тегі бір болуы мүмкіндігін көрсете отырып, оларды сөз тудырушы дербес жұрнақтар деп қарайды. Ол -қан, -ған жұрнақты туындылардың басым көпшілігін етістік негізді деп қарайды.

Жұрнақтың диалектілік мағынасына келетін болсақ, мәселен, ілеген «кір жуатын шылапшын», қадаған «тыйым салу», шаққан «жылдам, пысық, елгезек, өткір» т.б.

## **Қарақалпақ қазақтары тіліне тән сөз тудырушы жұрнақтар**

Қарақалпақ қазақтары тілінде бірқатар жұрнақтар қазақ әдеби тілінде кездеспейді, олардың қатысымен туған сөздердің тек Қарақалпақ қазақтары тілінде қолданылады. Қолымыздағы материалдардың ішінде төмендегі жұрнақтар тек Қарақалпақ қазақтары тілінде қолданылатындығын байқадық.

- жақ; қабажақ (сирдың тезегі, жабасы)
- жал; сұрамжал (сұрамшак)
- тақ; қитақ (қи төгілген жер)
- п; шақап (бір нәрсенің тарауы, бөлімі)
- мат; зықымат (қысылу, сығылу)
- тай; жалатай (жылпос, алдамшы)
- гөн; шәйгөн (ақ құман)
- демел; жүрдемел (жүрдек)
- дашы, -деші; кірдеші (табыс, кіріс)
- елек; түпелек (қазан астына қоятын темір)
- ар; ашар (кілт)
- бас; тамбас ( үйдің төбесі)
- жақ; алажақ, бережақ (алатын, беретін)
- и; арзаниды (арзандады)
- қалақ; қатқалақ (жердің қатуы)
- ла; жарла (хабарла)
- тық; ақтық (немере)
- рақ, -рек; пәстірек (төмендеу)
- соқ; жемсоқ (алқым ісіп ауру)

-ы; құйы (құдық)

Мұндай жұрнақтардың кейбірі жалпыхалықтық тілдегі бірен-саран сөздің құрамында кездесіп қалуы мүмкін, бірақ бұлардың көбісі жергілікті сипат алған. Мысалы; -лақ деген жұрнақ арқылы туған шорлақ «сор жер», қышлақ «ауылдық жер», -пыс жұлпыс «ешкіммен келісімі жоқ адам», префикстер арқылы жасалған бипайда «пайдасыз», бихуш «ұйқысырау, көңілсіз», битап «ауру, сырқат», бихат «есепсіз» т.б. сөздер шығу тегі жағынан біздің диалектіге тән болып есептеледі.

Сонымен қатар говордағы сөз тудырушы жұрнақтардың бәрін талдап беру мүмкін болмағандықтан, оларды қосымша ретінде беріп отырмыз.

-бас, есім; тамбас «үйдің төбесі».

-лақ, есім; шорлақ «сор жер».

-пыс, есім; жұлпыс; «ешкіммен келісімі жоқ адамға айтылады».

- қой, есім; лапқой «өсек, әңгімені көп айтатын адам».

- и, етістік; арзаниды «арзандады».

- қалақ, есім; қатқалақ «жердің қатуы».

- қом, есім; қайырқом «қайырлы», шатаққан «тентек».

- лық/лік, есім; ақлық «немере».

- п, есім; шақап «бөлім, тармақ».

## **Қарақалпақ қазақтары тіліндегі кірме жұрнақтардың көрінісі**

Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтар тілінде кірме жұрнақтар диалектілік сөз жасауда кеңнен қолданылады. Мәселен, -кар, -кәр, -кер, -гер жұрнақтарын зерттеушілер иран тілінен ауысқан деп қарайды<sup>FN</sup>. Ал кейбір зерттеушілер, керісінше, оның иран тілінен кірген дегеніне күмәнмен қарайды<sup>FO</sup>. -кер, -гер жұрнақты сөздердің негізінен мамандық, қызмет, әрекет атауларын білдіретініне және көне түркі ескерткіштерінде кездеспейтініне қарағанда оның шығу тегі иран тілінен екеніне күмәндануға болмайтын сияқты.

Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде бұл жұрнақтың сөз тудыру сипаты туралы әр түрлі пікір бар. Мәселен, А.Ысқақов бұл жұрнақтарды өнімді деп қараса<sup>FY</sup>, кейбір зерттеушілер өнімсіз жұрнақтар қатарына қосады.

Жұрнақтың диалектілік мағынасы, мәрдікәр «жалданып жұмыс істейтін жұмысшы», палкер «пал ашатын адам», гүнәкәр «күнәлі адам», дәскер «үй бұйымы» (п. даст сөзінен келіп шыққан болуы керек)<sup>F8</sup>, дәркәр «тез, шапшаң», шүдігәр «күзде жыртылған жер», шөпкер «қамыстан алынған үй» т.б. Осы сөздерге назар салып қарасақ, мәселен, мәрдікәр, шүдігәр, дәскер, гүнәкәр сөздері парсы тілінен енген. Сондықтан жоғарындағы осы жұрнақтардың парсы тілінен кірген осы мысалдар да растайды.

-дар (-дәр, -дер, -тар) жұрнағы қазақ әдеби тілінде есімдерден есім тудыратын жұрнақ болып есептеледі. (Орта Азиялық түркі тілдерінде).

Бұл жұрнақ Орта Азиялық түркі тілдеріне және қазақ тіліне иран тілдерінен ауысып кірген деп көрсетеді. Расында да бұл жұрнақ әдеби

тілде көбіне иран тілінен ауысқан сөздерде кездеседі. Мысалы, *хабардар, борыштар, пірәдар, дидар* т.б.

Біздің зерттеу жүргізіп отырған аймағымызда да -дар жұрнақты сөздер арап-парсы сөздері. Говорда кездесетін диалектілік сөздердің түбірінің мағыналары белгісіз, көмескіленіп кеткен. Бұл жұрнақ говорда кәсіпті, болмаса белгілі бір іс-әрекетке қатысты атауларды білдіреді. Мысалы, әмелдар «қолында билігі бар адам». Әмел сөзі негізі араб сөзі болып (а. ғәмәл). Абстракт ұғым атауында қолданылатын қардар «мұқтаж, зәру», мұғдар «шама, дәреже», қәлендер парсы тілінде ел кезуші, кезбе мағынасында жұмсалады, говорда да осы мағынада қолданылады. Қәуендер «қамқорлық», оспадарсыз «қолынан іс келмейтін адам» мағынасында жұмсалатын сөздер говорда кездесіп отырады.

-ман (-мен, -пан, -пен). Говорда бұл жұрнақ өте көп кездеседі. Бұл жұрнақтардың шығу тегі, сөз тудыру қабілеті жайында түркологияда әр түрлі пікір бар. Зерттеушілердің көпшілігі жұрнақтың шығу тегін иран тілімен байланыстырады. Қазақ тілінде -ман жұрнақты бірқатар сөздер бар. Мәселен, әдеби тілде қаһарман (а. қаһар сөзінен), шадыман, бағбан, қадірмен (а. қәдр сөзінен), шопан, данышпан т.б. сөз тудырушы негіздермен бірге иран тілдерінен ауысып келгені байқалады.

Говордағы -ман тұлғалы сөздер есім негіздерден де, етістік негіздерден де жасалған. Мысалы, «егінге түскен құстарды үркітетін құрал», үзбен «кеспе көже», оқарман «қауынның бір түрі», аламан ау «майшабақ аулайтын ау», қалтаман «қалтаға түсетін ұры», дәрмен «күш, қуат», пешман «пеш соғатын адам», пашманшы «арбаның үстінде тұрып шөп жинайтын адам», пұшайман «өкіну» мағынасындағы парсы сөзі болып, онда «уайым жеу» мағынасында қолданылады<sup>кк</sup>. Шидырман «шиден

жасалған қойдың жазды күнгі тұратын қорасының есігі», сатарман «сауда етуші адам». Біздің бір байқағанымыз бұл жұрнақты сөздердің түбірлері басқа қазақ говорларында кездеспейтіндігі мен және қарақалпақ тілінде әдеби норма есебінде жұмсалатындығымен ерекшеленеді.

-кеш жұрнағының сөз тудыру өрісі біздің зерттеу жүргізіп отырған аймақта көп екені байқалады. Бұл жұрнақ говорда кәсіп иесінің атауын білдіреді. Мысалы, белгілі бір жағымсыз, іс-әрекетке машықтануды білдіретін атаулар; жәбіркеш «азап көруші адам», жаткеш «жадында сақтағыш адам», пьянкеш «маскүнем»: зат атаулары; ізейкеш «ащы суды ағызып жіберетін арық», кірейкеш «кірейде тұратын адам» т.б. осы сияқты диалектілік сөздерді келтіруге болады.

Жоғарыда көргеніміздей бұл говорда сөз тудырушы жұрнақтардың мол қоры сақталған. Қолда бар материалдарға қарағанда жұрнақтардың варианттарын қоспағанда 100 -ден асады. Көпшілігі әдеби тілде белгілі болса, бірқатары тек говорда қолданылады. Говордағы жұрнақтардың бір ерекшелігі сөз тудыру сипаты әдеби тілде қалыптасқан үлгісінің аясымен шектелмейтіндігі байқалады. Әдеби тілде сөз тудыру қызметі нормаланған көптеген жұрнақтар говорда басқаша қырынан көрінеді. Мысалы, белгілі бір жұрнақтарды ғана қабылдайтын әдеби негіз сөздер говорларда басқа жұрнақтар арқылы туынды сөздер жасалатынына немесе әдеби тілдік жұрнақтардың онда белгісіз диалектілік түбір-негіздерден сөз тудыратыны жиі кездесетін құбылыс.

Жұрнақтарды талдаудағы негізгі мақсат - олардың говорда сөз тудыру ерекшеліктерін көрсете отырып, диалектілік туындылардың типтік мағыналарын анықтауға болады. Сол сияқты бірқатар жұрнақтардың

говордағы қызметі түркі тілдерінен, соның ішінде аралас отырған қарақалпақ тілімен ұштасып жататындығы байқалады.

### Диалектілік күрделі сөздер

Говордағы көрші тілдердің әсерінен пайда болған сөздердің бір тобын аналитикалық тәсілмен жасалған қос сөздер құрайды. !деби тілде қос сөздердің жасалатын тәсілдерінің барлығы да говорда толық кездеседі деп айта алмаймыз. Дегенмен, қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда қос сөздердің бұл аймақта мол екені анық.

Қарақалпақ қазақтары тіліндегі қос сөздерді жалпыхалықтық тілдегі қос сөздер сияқты негізінен үлкен екі салаға бөлуге болады.

Бірінші қосарланып келген қос сөздерге тоқталатын болсақ, оларды іштей сыңарларына байланысты бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Бір сыңары бір буынды, екінші сыңары екі буынды қосарлама қос сөздер.

Мысалы;

*Шел - шебір* сөзінің беретін мағынасы атыз-арық. Қитақтан кішісі шел-шебір болып кетеді. Шел - бұл өңірдегі мекендеуші халықтар тілінде егістік даланы суғару үшін (ой мен биік жерлерін) үйілген топырақтар.

*Ақи-тақи* - үзілді-кесілді, біржолата деген мағынаны береді. Назар салып қарасақ, көрші қарақалпақ тілінде актив айтылатын әдеби норма.

2. Екі сыңары да екі буынды болып келетін қосарлама қос сөздер.

*Адын-гүдін* - ойланбай, ретсіз сөйлеуді ұғындырады.

*“абыр-гұбыр* - қимылдың тез, шапшаң болғанын білдіреді.

*Әлбек-тәлбек* - әлтек-тәлтек. Бұл қос сөздің тұлғасы әдеби тілдегі қос сөзге жақын. Тек «т» дыбысы орнына «б» дыбысы қолданылып тұр.

*Аспа-жалап* - өтірікші, суқит, тұрақты сөзі жоқ адамды айтады. Осы аспа-жалап сөзі Түркменстан қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде де кездеседі<sup>к9</sup>. Бірақ бұлардағы мағынасы біздегі мағынасымен салыстырғанда қарама-қарсы. Түркменстан қазақтарында «асығыс, шапшаң» мағынасында қолданылады. Бұл сөз қарақалпақ тілінде көп айтылады.

*Әрре-тәрре* - жиналмай, шашылып жатқан заттарды айтады. Мысалы, *Оның дүниелері әрре-тәрре болып жатыр.*

*Блым-жылым* - бұл қос сөздің әдеби тіліндегі мағынасы жым-жылас, үшті-күйлі.

*Әлі-пәлі* - үйтіп-бүйтіп. Мысалы, Колхоздың жұмысына жарамаймыз, әйтеуір әлі-пәлі деп жүрген жағдай бар. Бұл сөз жергілікті қарақалпақтардың тілінде «әлли-пәлли» тұлғаларында қолданылады.

3. Бір сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз түрде келетін «ақиға-тақи» сөзі кездеседі. Бұл сөздің мағынасы «бір-біріне сай». Осының және «абиға-баби» деген формасы жергілікті қазақтар тіліне кең тараған.

г. Говордағы қосарлама қос сөздердің мол кездесетін түрі бір сыңарының мағынасы түсінікті, екінші сыңарының мағынасы түсініксіз немесе екі сыңары да түсінікті сөздер.

Мысалы; *әулі-әрем-бау-бақша*. Бұл сөздің екі сыңары да қарақалпақ, өзбек тілдерінде жиі айтылады. Екеуі де жеке тұрып екі түрлі мағынада жұмсалады. Хәулі немесе әулі-қарақалпақ тілінде «үй» деген мағынаны

білдіреді. Хәрем немесе әрем-егілген бау-бақшаны малдан қоршауға арналған қора.

Қоңсы-колат-бұл сөздің бірінші сыңары «қоңсы» жергілікті тұрғындарда жиі айтылады. Мұның қазақ әдеби тіліндегі баламасы-көрші. «Қолай» сөзі говорда жеке тұрып та «көлі бар жер» деген мағынаны береді.

«Қоңсы-қоба» дейтін формасы да кездеседі.

Ау-дәске - ау т.б. құралдарды осылай атайды. **Ау-дәскелерің болса, көлде балық көп.** Бұл сөздің екінші сыңары-қазақ әдеби тілі үшін түсініксіз. Қарақалпақ қазақтары тілінде кеңнен қолданылатын тұлға. «Дәс» сөзі негізінен парсы сөзі (даст). Осы сөз арқылы туған говорда «дәскер» тұтқыш (ыдыс ұстағанда пайдаланады) деген мағынадағы диалектілік сөзді кездестіруге болады.

Ой-бәлент-ой-қырлы жер. Мысалы: **Тегіс емес, ой-бәлент көп.** Қосарланып айтылуын былай қойғанда бұл сөздер жеке тұрып та қолданылады. Жалпы алғанда «бәлент» сөзі жоғары деген мағынаны аңғартып, «ой» сөзімен қосылып, «жоғары-төмен» немесе «ойлы-қырлы» деген мағынаны аңғартады.

Сонымен қатар бұл топқа төмендегідей қос сөздерді де жатқызуға болады; пәле-жала, қәді-қауметі (сын-сымбаты келіскен), көне-көксі (ескі дүниелер) т.б. осы сияқты қос сөздерді жатқызуға болады.

Жоғарыда көрсетілген қос сөздердің көбі қазақ әдеби тілінде мүлдем кездеспейтіндігімен ерекшеленеді. Кейбіреуінің бір сыңары немесе екі сыңары да жеке қолданылмайды. Олардың жеке-дара мағыналары көмескіленіп кеткен.

Говорда мол кездесетін қайталама қос сөздердің қосымшалы, қосымшасыз қайталануынан жасалған қос сөздер.

1. Қосымшасыз жеке-мағыналы сөздердің қайталануынан жасалған және олардың біразы жеке тұрып та қолданылады.

Шақа-шақа - тармақтары деген мағынада. «Шақа» сөзі қарақалпақ тілінде «бұтақ, тарау» деген мағынада жұмсалады.

«Пашақ-пашақ»-»тас-талқан», «бөлшек-бөлшек» деген тәрізді қосымшасыз қайталану арқылы жасалған сөздер кездеседі.

Сам-сам-ақымақ, жынды деген мағынада жұмсалады.

2. Қосымшалы диалектілік сөздердің қайталануынан жасалған, мысалы, қапыма-қапы-есікпе-есік деген мағынада, «қапы» сөзі қарақалпақ тілінде әдеби норма болып, сондықтан бұл сөз говорға қарақалпақ тілінен енген деп есептеледі. Түрікменстан қазақтарында да актив айтылады.

Дәсме-дәс-қолма-қол деген мағынада қолданылады.

### **Біріккен сөздер**

Говордағы біріккен сөздерді әдеби тілге қатысы жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Бір сыңары әдеби тілде қолданылып, екінші сыңары қолданылмайтын біріккен сөздер. Гүлтараш-үй қабырғаларының сыртына ойып салынған нақыш.

Теміржаба-шөп жинайтын айыр.

Қамыртырыш-ашытқы.

Сарпай-құдалар бірін-бірі шақырғанда әркімге қойылатын киіт.

Қостырнақ-фундамент. :й қос тырнағынан тозады.

Жүнпота-шігітінен ажыратылған мақта.

2. Екі сыңары да әдеби тілде қолданылатын біріккен сөздер.

Жұнаяқ-сандық.

Жылтырақшам-маймен жанатын шам.

Етшабар-еттің сүйегін шабу үшін астына қойылатын ағаш. Оңтүстік говорда «отшабар»<sup>н0</sup> түрінде де қолданылады.

Қантқайшы-қантты ұсақтайтын тістеуік.

Ұнқалта-ұн салатын қалта.

Қантқалта-қант салатын қалта.

Кірлеген-кір жуатын леген.

Қолтерім-мақтаны қолмен теру.

### **Қорытынды**

Сөз тудыру процесі туралы бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде қазақ әдеби тілдің төңірегінде қаралып келді. Ал жер-жердегі диалектілердегі сөз тудыру процесі жайлы зерттеу әлі күнге дейін ескерілмей келеді.

Сөз тудыру - грамматикалық құрылыс пен сөздік құрамды жетілдіріп, толықтырып отыратын арна ретінде жалпы түркі тілдерінің дамып жетілуі мен табиғи байланыстағы процесс. Сондықтан қазақ тілінің даму сипатындағы дәуірлер мен кезеңдер сөз тудыруға да тән. Сөз тудырудың негізі де жалпы қазақ тілінің негізі сияқты өте әріде салынған. Мысалы, көне жазба ескерткіштеріндегі есім тудырушы -чы, -чі (емші, армақшы), -лығ, -ліг (арығлық, чечеклік), -м (алым, талым) т.б. жұрнақтардың: М.Қашқари сөздігіндегі есім тудырушы -ек (кесек, бічак), -ғу (бычғу), еч (көмеч) т.б. жұрнақтардың қазіргі қазақ тілінде және Қарақалпақ

қазақтары тілінде атқаратын қызметі мен беретін мағыналарында, қолданылуында, кейбір өзгерістері болмаса, үлкен алшақтық байқалмайды.

Э.В.Севортян түркі тілдеріндегі сөз тудырушы амал-тәсілдердің тұрақтылығы грамматикалық құрылыстан кем емес екендігін ескерте келіп, былай дейді; «Енисей-орхон ескерткіштеріндегі сөз жасалуы мен сөз түрленуін түркі тобындағы қазіргі тілдердің морфологиясындағы сол сияқты тараулармен салыстырғанда сөз түрлендіруде көбірек және елеулі өзгерістер болғаны, сөз тудырушы қосымшалардың құрамынан түсіп қалған қосымшалар сөз түрлендірушілердің құрамына қарағанда азғана екені байқалады».

Бірақ бұдан сөз тудыру тіпті өзгермейтін, қатып қалған құбылыс деп қарауға болмайды. «Тіл тек бұрынғы кезде емес, қазір де дамып отыр. Ондағы өзгеріс синхронияның өзінде сезіледі». Мысалы, жұрнақтардың күрделену сипаты көне түркі тілдерінде де болғанын жазба ескерткіштерден көруге болады. Мысалы, -нч, -ынч, -інч (қылынч, өкініш) т.б.

Басқа тілдерден сөз ауысуымен бірге кірген жұрнақтар арқылы да сөз тудыру жүйесінің жетіліп отыруы, түркі тілдерінде бұрыннан белгілі сөз тудыру тәсілдерінің, сөз тудырушы типтер мен модельдердің онан әрі жетілуі, оралымдылығының артуы, сөз тұлғасының бір түрі ретінде түркі тілдерінде қысқарған сөздердің қалыптасуы - бәріде сөз тудыру жүйесінің дамып, жетіліп отырғанына дәлел болады. Мұның өзі сөз тудырудың синхрониялық қалпы оның дамуындағы диахрониялық құбылыстармен ұштасып жатқанын көрсетеді.

Сөйтіп, шыққан тегі бір қазіргі түркі тілдеріндегі, олардың диалектілері мен говорларындағы сөз тудыру, сайып келгенде

аглютинативтік сипаттағы жалпы түркілік ішкі құрылымдық дамудың көріністері болып табылады. Ал қазақтың ұлттық тілінің сөз тудыру жүйесі жалпы түркілік негізге барып тіреледі, соның аясынан шығып кетпейді. Сол сияқты біздің зерттеу жұмысымыздың зерттеу объектісі етіп алынып отырған Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру жүйесі де қазақ тілінің сөз тудыру жүйесіне кіреді, соның жергілікті жердегі тармағы болып есептеледі.

Біздің Қарақалпақ қазақтарының ауызекі сөйлеу тіліндегі сөз тудыру арқылы жасалған диалектілік сөздерді талдау негізгі мақсат етіп алынды. Біз бұл еңбегімізде сөз тудыру арқылы жасалған диалектілік сөздерді қазақ әдеби тілінен жұрнақтар арқылы, Қарақалпақ қазақтары тіліне тән жұрнақтар арқылы, диалектілік есім сөздер тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған диалектілік сөздер деп бірнеше топқа топтастырдық. Сонымен қатар жұмыста сөз тудыру арқылы жасалған күрделі сөздерге де тоқталып өттік және жалпы түркілік тенденциялардың Қарақалпақ қазақтары тіліндегі көрінісіне шолу жасалды.

Біздің зерттеу объектіміз болған Қарақалпақ қазақтары тілінің зерттелу тарихына шолу жасағанымызда бүгінгі күнге дейін тек фонетикалық, лексикалық қысқа түрде грамматикалық ерекшеліктері қазақ әдеби тілімен салыстырылып зерттеліп келе жатқандығын байқадық. Ал Қарақалпақ қазақтары тіліндегі диалектілік сөз тудыру процесі жайлы зерттеулер жоқтың қасында.

Біз осы жұмысымызда Қарақалпақ қазақтары тіліндегі сөз тудыру процесін жергілікті халық тілінен жинаған материалдарымыз негізінде ғылыми талдау жасауға әрекет еттік.

Жалпы Қарақалпақ қазақтары тілінде қазақ әдеби тіліндегі жұрнақтар диалектілік сөз тудыруда өнімді қызмет атқарады. Мәселен, қазақ әдеби тіліндегі -шылық, -шілік жұрнағы көбіне диалектілік сөздерге жалғанып (шіркетшілік, шатақшылық, күндікшілік) зат есім тудыруда актив қолданылады. Сонымен қатар қазақ әдеби тіліндегі болымсыз етістіктің -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары Қарақалпақ қазақтары тілінде етістіктіктен зат есім тудырушы қызмет атқарып, жергілікті қазақтар тілінде актив қолданылады.

Қарақалпақ қазақтары тілінде қазақ әдеби тіліндегі кейбір жұрнақтардың диалектілік сөз жасауда актив қолданылатындығы және тек Қарақалпақ қазақтары тілінде сөз тудырушы жұрнақтардың мол екендігі бұл көршілес қарақалпақ тілінің әсері деп айта алмаймыз. Себебі күнделікті қарақалпақтармен қарым-қатынас процесінде жергілікті қазақтар қарақалпақ тілінде әдеби норма болып есептелетін түбір күйіндегі сөздерді көп қолданамыз. Сонымен қатар кейбір жұрнақтар қарақалпақ тілінің грамматикалық жүйесінде әдеби норма есептеледі.

Сондай-ақ біз қазақ әдеби тілінде араб-парсы сөздеріне жалғанатын және кірме жұрнақ деп есептелетін -кәр, -ман, -кеш, -хана жұрнақтарының Қарақалпақ қазақтары тілінде актив қолданылатындығын көрдік. Себебі, қазақ әдеби тіліне қарағанда Қарақалпақ қазақтары тілінде бұл жұрнақтардың көп қолданылатындығы араб-парсы сөздерінің қарақалпақ тілінде көп екендігі. Себебі, -кәр, -ман, -кеш, -хана жұрнақты сөздер қарақалпақ тілінде әдеби норма болып есептеледі.

Сонымен қатар Қарақалпақ қазақтары тіліндегі кейбір жұрнақтардың шығу тегін, пайда болуына, түркі тілдерімен салыстыра зерттеу жүргізгенімізде түркі тілдерінің біреуіне барып тірелетіндігін көрдік.

Мәселен, қазақ әдеби тілінде II жақ сыпайы -сыз, -сіз қосымшалары - сыңыз,-сіңіз жұрнақтары түркмен тілінде әдеби тұлға болып есептеледі және Қарақалпақ қазақтары тіліне көрші қарақалпақ тілінің әсері арқылы пайда болған.

Жалпы Қарақалпақ қазақтары тілінде диалектілік сөз тудыру процесі көрші қарақалпақ, өзбек, түркмен тілінің әсері арқылы пайда болған.

## Әдебиеттер

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и историй казахского языка. Алматы. 1969.
2. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. М. 1961.
3. Бекетов Б. Каракалпак қазақтарының тілі. Алматы. 1992.
4. Будагов Р.А. ВГДЯ. IV. Баку. 1977.
5. Бердыев Р. ВГДЯ. Баку. 1973.
6. Бекмухаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі арап-парсы сөздері. Алматы. 1977.
7. Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. 1976.
8. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы. 10і1.
9. Кононов А.Н. Грамматика современного-узбекского литературного языка. М. 1979.
10. Қалиев Қ. Қазақ говорларында диалектілік сөз тудыру. Алматы. 1986.
11. Нұрмағанбетов Ә. Түркменстан қазақтарының тілі. Алматы. 1974.
12. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1994.
13. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 10иғ.
14. Щербак А.М. Грамматика староузбекского. М-Л. 10і2.
15. Юнусалиев Б.М. Қырғыз диалектологиясы. Бишкек. 10у1
16. Хәзирги заман түркмен дили. Ашгабат. 10у0.
17. Насыров Д.С., Қошанов К.М. Проблемы двуязычия и многоязычия в Каракалпакии. Нукус. 1000 г.
18. Насыров Д. Становление каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система. Нукус-Казань. 10уу г.
19. Насыров Д.С. Каракалпак тилинің диалектологиялық сөзлігі. Нөкіс. 1983 ж.
20. Нұрмағанбетов Ә. Түркменстан қазақтарының тілі. Алматы. 1974ж.

21. Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы. 1978 ж.

22. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері. Алматы. 1974ж.

23. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1981ж.

30. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы. 1989 ж.

